

## Шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы Қызылжарма ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 2 қазандағы № 95 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 3 қазанда № 6927 болып тіркелді

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1-бабының 8) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министірлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қызылорда қалалық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2019 жылғы 20 қыркүйектегі №06-516 ұсынысы негізінде, Қызылжарма ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Қызылжарма ауылдық округінде орналасқан Адилова Жанат Шакизадаевнаның шаруашылығы аумағында мүйізді ірі қара малдың арасында бруцеллез ауру ошағының жойылуына байланысты шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Қызылжарма ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 28 маусымдағы № 59 (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6837 болып тіркелген, 2019 жылғы 10 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде жарияланды) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округ әкімі*

*Б. Оспанов*